

11.09.2014

Ертеңге – Елбасымен

Ерсін МҰСАБЕКОВ

Тамылжыған тамыздың соңғы күндері. Қарағанды – мереке құшағында. Мерейлі елде – мерекелер тоғысы. Бір емес, үш мереке: Конституция күні. Шахтер күні. Қазыналы Қарағанды қаласының 80 жылдығы. Дәл сол күні ҚР Президенті-Ұлт Көшбасшысы Нұрсұлтан Назарбаев өзінің еңбек жолы мен саяси соқпағының бастауы болған алтын тұғырына қонған. Қарағанды құшағына алды Қыран ұлын.

...Ауаны қапырық дескенбіз. Олай емес екен. Ыстық. Халықтың Елбасына деген ыстық ықыласы. Сарыарқаны сағымға бөлеген аңызак желдің өзі – Ананың алақанындай мейірлі. Әйтпесе, Теміртау домнасында болаттай бекіп, құрыштай шыныққан қайраткер тұлғаға тамыздың соңғы тамызығы не тәйірі?!

..Анасы еміреніп, баласы еңселеніп қауышты. Сонымен, Елбасының Қарағандыдағы жұмыс сапары басталып та кетті. Қырандары жарқылдап, спорты қарқындаған Қарағанды.

Иә, Қарағанды – қазақ индустриясының қара нары. Өткен ғасырдың басында қара алтынымен алып құрлықтың бойын жылытқан Қарағанды өндірісі Тәуелсіздік жылдарында да ел дамуына өлшеусіз үлес қоса білді. Өндірісі өрлеген, рухы төрлеген өңірге айналды. Шұрайлы тілмен бейнелер болсақ, Қарағанды – ел өнеркәсібінің жүрегі, Елбасы – оның тірегі.

Қазыналы Қарағанды бүгінгі таңда тек қара алтынымен ғана емес, қажырлы спортшыларымен де алты құрлықтың алдында абыройы асқақтап тұр. Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың Қарағандыдағы жұмыс сапарының Сарыарқа сайыпқырандарымен кездесуден басталуы – қазақ спортының даңқын аспандатып жүрген ақжолтайларға деген құрметі. Сонымен, Елбасы ат шалдырған алғашқы нысан – жақында ғана пайдалануға берілген «Мега фитнес» спорт клубы. Аталған нысанда халықаралық стандартқа негізделген заманауи кешен жасакталған. Жарқыраған жаттығу залдары, жалтыраған бассейні, монша, сауна, шығыс жекпе-жегіне арналған зал, ағза күтімін ағзам бітіміндей ететін сұлулық салоны... Осының бәрі – тұрғындар үшін салауатты өмір салтын қалыптастырып, спорттың бұқаралық сипатын арттыруда баламасы болмайтын жүйе.

Кешенді аралау барысында ел Президенті аймағымыздың аймаңдай спортшылары – Олимпиада ойындарының және ірі Халықаралық бәсекелердің жеңімпаз-жүлдегерлерімен жүздесті. Олардың қатарында Серік Сәпиев, Дмитрий Карпов, Абылайхан Жүсіпов, Асылхан Бәрменов, Серік Елеуов және басқалары бар. Ел намысын абыроймен қорғап, планетамыздың түпкір-түпкірінде Қазақстан Әнұранын асқақтатып, Көк байрағын желбіретіп жүрген спортшылармен салауатты өмір салтын ұстанудың маңыздылығы төңірегінде ой бөліскен Елбасы Арқа ақжолтайларына жеңісті жол, биік тұғыр тіледі.

Жаңа жоба – жаңару жаршысы.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың қазыналы өлкеге жасаған әрбір сапары – жаңа жобалар мен жаңа жетістіктер. Жақында ғана Жезқазған өңірінде болып, «Жезқазған-Бейнеу», «Шұбаркөл-Арқалық» бағыттарындағы жаңа теміржол магистралын салтанатты түрде іске қосқан ел Президентінің бұл жолғы сапары «Сарыарқа» арнайы экономикалық аймағында жалғасты. Өңірдің инвестициялық мүмкіндігін игілікке бастаған тың жобалар мен тыңғылықты бастамалар барысымен танысты. «Сарыарқа» АЭА-дағы «Бөмер Арматура» ЖШС өз жұмысын биылғы шілде айында Елбасының қатысуымен өткен телекөпірде бастаған-ды. Өндірістік қуаты тұтыну көлеміне шақталған кәсіпорынның негізгі өнімі – мұнай тасымалы, жылу, су құбырларына арналған шарлы крандар мен ілмекті арматура.

Аса жоғары қысымға (250 атмосфераға дейін) қауқарлы қазақстандық өнім тек ел аумағындағы кәсіпорындардың емес, Еуропа мен Орта Азия елдерінің қызығушылығын тудыруда. Сондай-ақ, кәсіпорын өнімінің температуралық ауқымы – 180 градустан +650 градусқа дейін төзімді. Бұл жоба 160 жаңа жұмыс орнын ашуға мүмкіндік берді. Алғашқы жылы 5 мың дана шарлы кранмен еліміздің химия өнеркәсібін қамтамасыз етпек. Толық жобалық қуатына 2015 жылы шығады деген өндірістік болжам бар. Сол кезде бұл

серіктестік жылына 10 мың шарлы кран шығаратын болады. Айтқандай-ақ, бұл жоба – Орта Азия елдері бойынша осы бағыттағы жалқы өндіріс.

– Шарлы крандар мен ілмекті арматура өндірісі – ел экономикасына тың тыныс берген маңызды жоба. Бізде қаншама мұнай, су, жылу құбырлары бар. Сондықтан да, біздің экономика бұл зауыттың өніміне мүдделі, – деп атап өтті Елбасы.

Енді ғана қанат жайып, қарқын ала бастаған арнайы экономикалық аймақтағы тағы бір жоба – «Изоплюс Орталық Азия» ЖШС. Серпінді жобаны сертке ұстаған серіктестік жұмысымен танысу барысында Елбасы өнім сапасына баса назар аударды. Отандық өндірістің орасан игілігіне айналған бұл жобаның қарқынды дамып келе жатқан ел экономикасы үшін барынша маңызды екендігін атап өтті Мемлекет басшысы.

Экожүйенің қауіпсіздігін қамтамасыз ету – Президенттің өз талабы. Ал, «Изоплюс Орталық Азия» ЖШС өнімінің басты ерекшелігі – «жасыл технология» стандартына жауап бере алуында. Мұнда өндірілетін арнайы қаптамамен қапталған болат құбырлар қоршаған ортаға зиянды газдың таралуына жол бермейді. Сондай-ақ, серіктестіктің болат құбыры – мұнай-газ өндірісі үшін зәру өнім. Экологиялық тиімділігімен қатар, төзімділігі де – берік. Индустриялық иммунитеті мықты өнім. Яғни, қазақ мұнайының қан тамыры. Ең бастысы, Елбасының экономиканы әртараптандыру бағытындағы бастамаларының жемісі – бұл жоба.

«Сарыарқа» АЭА-на алғашқылардың бірі болып инвестиция салған бұл екі жобаның да өміршеңдігін жоғары бағалаған Нұрсұлтан Әбішұлы осы аумақта іске қосылуға тиісті басқа жобаларды тездетіп қолға алуды тапсырды облыс басшылығына.

Шикізатқа тәуелділік – экономиканың Шикілігі.

«Сарыарқа» АЭА тыныс-тіршілігімен егжей-тегжейлі танысқан Елбасы өңір экономикасындағы мүмкіндіктер мен мүлт кетулер жайындағы оқшау пікірлерін жұртшылық өкілдерімен және облыс кәсіпкерлерімен болған кездесу кезінде ортаға салды. Жиылған қауымды Конституция күнімен құттықтаудан бастаған Мемлекет басшысы:

– Қарағанды – ел экономикасында орасан үлесі бар өңір. Сондықтан, аймақтың тыныс-тіршілігі – менің ұдайы назарымда. Өнеркәсібі, ондағы еңбек адамдарының әлеуметтік тұрмысы – маған етене таныс. Облыс экономикасына салынып жатқан инвестиция көлемі де артып келеді. Мәселен, былтырғы жылдың өзінде осы өңірге тартылған инвестиция көлемі 400 миллиард теңгеден асты. Бюджеті де соңғы үш жылда 40 пайызға өсіп, 245 миллиард теңгеге жетті, – деді өзінің кіріспе сөзінде.

Кездесуде аймақтың бірінші жартыжылдықтағы даму көрсеткіштері жайында облыс әкімі Нұрмұхамбет Әбдібеков баяндама жасады. Аймақ басшысының мәлімдеуінше, өңірдің бірінші жартыжылдықтағы өнім көлемі 624 миллиард теңгені құраған. Бұл көрсеткіш – республикалық өнім көлемінің 8,3 пайызы. Жыл басынан бері өндірілген өнеркәсіптік өнім көлемі – 810 миллиард теңге. Индустрияландыру картасына 55 жоба енген болса, оның 46-сы толық жобалық қуатында жұмыс істеп тұр. Ал, 4 жоба осы жылдың соңына дейін іске қосылмақ. Жалпы құны 19 миллиард теңгені құрайтын бұл жобалардың жүзеге асуымен 435 жаңа жұмыс орны ашылады деп жоспарлануда.

Сондай-ақ, халықтың әлеуметтік тұрмысын оңалту, жұмыссыздықты ауыздықтау, тұрғындарды сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету, мал шаруашылығын дамыту, шағын және орта кәсіпкерліктің өңір экономикасындағы үлесін арттыру міндеттері басшылық назарынан тыс қалып отырған жоқ.

Аймақ басшысының жинақы хәм нақты есебінен кейін өңір экономикасының даму қарқынын пысықтап, ауқымды шолу жасаған Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы облыстың даму үрдісіне оң баға бере келе, бірқатар олқылықтарды да жіпке тізді. Мәселен, аймақ экономикасының мазмұны әлі күнге дейін өңірдегі екі алпауыт – «Қазақмыс» пен «АрселорМиттал Теміртау» компанияларының еншісінде. Бұл дегеніміз – шикізатқа тәуелділік. Ал, шикізатқа тәуелділік – экономиканың шикілігі екенін баса айтқан Президент кемшілікке кеңшілік жасау кемелденуді тежейтінін қатаң ескертті.

Өңір экономикасындағы шағын және орта кәсіпкерліктің үлесі – 20 пайыз. Елбасы талабы – бұл саланың экономикалық белсенділігін 50 пайызға жеткізу.

Сонымен қатар, әлеуметтік саланы жетілдіру, ауыл шаруашылығын өркендету және монокалаларды дамыту бағытындағы өз тапсырмаларының сапалы орындалуын қамтамасыз ету күн тәртібінен түспейтінін тілге тиек еткен Нұрсұлтан Назарбаев тиісті сала басшыларына нәтижелі іске ұйытқы боларлық іскерлік қажет екендігін ашық жеткізді. Сондай-ақ, аймақтың мүмкіндігі шектеулі өңірлеріне, әсіресе, шалғай аудандарға индустрия игілігін жеткізу мәселесін баса айтты.

Әлемдік нарықтағы экономикалық дағдарыстың ықпалы да жоқ емес. Дағдарыс әсеріне қарамастан, мыс пен металл өндіру көлемі кемімей отырғандығын «Қазақмыс» корпорациясы мен «АрселорМиттал Теміртау» АҚ басшылары Владимир Ким мен Виджай Махадеван баян етті. Керісінше, екі компанияда да жаңғырту жұмыстары жүйелі түрде жүріп жатыр.

– Жалпы, өңір тынысына көңіл көншітер серпін бар. Әрине, кемшілік жұмыс мүлде тоқтаған жерде ғана болмайды. Дегенмен, халықтың игілігі үшін мен айтқан ескертулерден қорытынды шығаруға тиіссіздер. Мен әрқайсыңыздан нәтижелі іс күтемін. Облыс елдің қуатты индустриялық орталығы саналады. Оған зор көңіл бөлініп отыр. Қажетті қаржы мақсатты түрде бағытталуда. Өңірдің толыққанды дамуы үшін қолда бар мүмкіндікті толық пайдаланған жөн, – деп, биік талап деңгейінде түйіндеді кездесуді Елбасы.

Сарыарқа.Салтанатында.

Кеншілер астанасындағы «Шахтер» стадионы сол күні рухтың ордасына айналған. Алаңда ине шаншар жер қалдырмай жиналған мыңдаған халық мұхит толқынындай толқып тұр. Шахтерлер күні мен Қарағанды қаласының 80 жылдығына орай ұйымдастырылған мерекелік шара. Сарыарқа төсін дүбірге бөлеп, салтанатын арттырған шараның басты мейманы – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев.

Мейманасы тасыған халық Мемлекет басшысын орындарынан тік тұрып, ыстық ықылас, зор құрметпен қарсы алды. Асқақ рух құшағында биік мінберге көтерілген Елбасы ағынан жарылды:

– Қарағанды топырағына деген менің сезімім – ерекше. Осында еңбек жолым мен саяси өмірбаяным басталды. Бұл жерден бүкіл Қазақстанның индустриялық дамуы бастау алады. Мен кеншілерге әрдайым зор құрметпен қараймын. Өйткені, шахтер еңбегі дегеннің не екенін жақсы білемін. Қарағандының шахтерлік шыңдалудың арқасында заманауи экономикада өзінің лайықты орнын таба білгенін көргеніме қуаныштымын. Қаланың және барша қарағандылықтардың келешегі кемел екеніне сенімдімін. Бәріңізге бақ-береке, тәуелсіз Қазақстанның игілігі жолындағы еңбектеріңізге табыс тілеймін, – деген Нұрсұлтан Әбішұлы бүгінде көмір өнеркәсібі отандық индустрияның берік негізіне айналғанын, кеншілер еңбегі бұрынғыдан да қажеттірек бола түскенін атап өтті. Сонымен қатар, Мемлекет басшысы Қарағанды жұртшылығына арнаған мерекелік құттықтауында Қазақстанның көмір өнеркәсібін қалыптастырудың бастауында тұрған аға ұрпақ өкілдеріне және барша қарағандылықтарға елде жүргізіліп жатқан әлеуметтік-экономикалық реформалар мен байсалды бастамаларға көрсеткен қолдаулары үшін риясыз көңілдің алғысын арнады. Елбасының ақжарма пейілмен ақтарған мерекелік лебізі қалың көпшіліктің көңілін толқытып, ризашылығын тудырды.

«Шахтер» стадионында соғылған шаттықтың шапалағы елдің Елбасына деген шексіз құрметін шартарапқа жеткізіп жатты. Ал, Алаш аспанын нұрға бөлеген мерекелік отшашу Азаттық рухын жеті қат көкке алып ұшқан. Бұл – «Мәңгілік Ел» ұрпағының тұғырлы тұлғаға деген мәңгілік құрметінің айқын нышаны еді.

Суреттерді түсірген Д.КУЗМИЧЕВ.